



Автор: Абилдаева Жайдаркул Абдирашевна

Пән: Математика

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Кестеден тыс көбейту және бөлу

Тақырып: Құрылымы күрделі теңдеулер

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.2.2.2 көбейту мен бөлуге берілген $x:8=9$; $51:x=17$; $23x=46$ түріндегі қарапайым теңдеулерді, құрылымы күрделі $x(25:5)=60$; $(24:3):x=6$; $x:(17:2)=2$; $k+124:4=465$ түріндегі теңдеулерді шешу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: -көбейту және бөлу амалдарымен келетін теңдеудің оңай тәсілдерін $x:8=9$; $51:x=17$; $23x=46$; құрылымы күрделі теңдеулерді шешеді: $x \cdot (25:5)=60$; $(24 \cdot 3):x=6$; $x:(17 \cdot 2)=2$; $k+124:4=465$ Бірқатар оқушылар: -теңдеуді ықшамдауды, құрылымы күрделі теңдеуді шешу алгоритмін түсінеді. Кейбір оқушылар: -оң және сол жағы күрделендірілген теңдеулерді шешуді біледі.
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика және терминология: -көбейту мен бөлуге берілген қарапайым теңдеулер, құрылымы күрделі теңдеулер
Бағалау критерийлері:	Көбейту мен бөлуге берілген $x:8=9$; $51:x=17$; $23x=46$ түріндегі қарапайым теңдеулерді, құрылымы күрделі $x \cdot (25:5)=60$; $(24 \cdot 3):x=6$; $x:(17:2)=2$; $k+124:4=465$ түріндегі теңдеулерді шешеді
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтарын қамтиды. Орта білім берудің құндылықтары: қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу.
Пәнаралық байланыс:	Әдебиеттік оқу, дүниетану, қазақ тілі
Бастапқы білім:	Құрылымы күрделі теңдеулер

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ынталандыру. Әдебиеттің түрлері мен жанрлары туралы әңгімені жалғастыру. Балалардың осы жылы қандай жанрлармен танысқанын естеріңе түсіру, қазір әдебиеттік оқу сабағында не оқып жатырсындар. Осыдан кейін бірден №1 тапсырмаға көшеміз. Белсендіру. №1 өзара байланысты үш санды табу арқылы сен жазушының аты мен әдебиет жанрын, шығармасын біле аласың. Сонымен қатар құрылымы күрделі теңдеуді шешу алгоритмін еске түсіру қажет. Мақсат қою (проблемалық жағдаят). Өздік жұмыс №2 тапсырмадағы теңдеуді шеш. Оны тексер	
Сабақтың ортасы	Қиындықтарды түзету. Мұғалім тапсырманың дұрыстығын тексереді. – Кімде қандай қиындықтар туындады? – Қай жерде қате жібердіңдер? – Жіберілген қатенің себебі неде? –Өздік жұмысты еш кедергісіз орындағандар, өздеріңнің іс-әрекеттеріңнің мақсатын құрыңдар №3. Кесте бойынша өрнектер құр және оны жаз. Олардың мәнін тап. а) $301 \cdot 2 + 230 = 832$ ә) $740 - 78 : 39 = 738$ б) $35 \cdot 0 + 404 : 4 = 101$ в) $2 \cdot 402 - 201 = 603$ г) $960 + 560 : 80 = 967$ д) $900 : 3 - 5 \cdot 11 = 245$ е) $75 : 1 + 75 : 3 = 100$ ж) $23 \cdot 1 - 98 : 98 = 22$	
Сабақтың соңы	Сабақтың тақырыбы бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыр □ Ойыңмен бөліс □ Ойластыр □ Ұсын	
Рефлексия	Көбейту мен бөлуге берілген $x:8=9$; $51:x=17$; $23x=46$ түріндегі қарапайым теңдеулерді, құрылымы күрделі $x \cdot (25:5)=60$; $(24 \cdot 3):x=6$; $x:(17:2)=2$; $k+124:4=465$ түріндегі теңдеулерді шешеді	